

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында 1949-1990 жылдары ядролық сынаулар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 наурыздағы N 336

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында 1949-1990 жылдары ядролық сынаулар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалтудың қоса беріліп отырған бағдарламасы (бұдан әрі - Халықты медициналық оңалту бағдарламасы) бекітілсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі "Полигон - 29 тамыз" қайырымдылық қорымен бірлесіп Халықты медициналық оңалту бағдарламасын орындауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Қаржы министрлігі жанындағы сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті, республиканың басқа да мүдделі орталық атқарушы органдары бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынаулардың зардабын жою үшін шетел мемлекеттерінің инвестицияларын, озық технологиялары мен тәжірибелерін тарту жөнінде қажетті

шараларды жүзеге асырсын.

4. Семей облысының әкімі медицина мекемелерін жекешелендіру барысында Халықты медициналық оңалту бағдарламасын жүзеге асыру үшін қажетті шаралардың басымдығын ескерсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 наурыздағы

N 336 қаулысымен

бекітілген

жылдары ядролық сынаулар салдарынан зардап шеккен
халықты медициналық оңалту
БАҒДАРЛАМАСЫ

Шаралар	Орындалу мерзімі
1	2
I. Медициналық -демографиялық және әлеуметтік салдарды бағалау жөніндегі шаралар	
1. Ядролық сынаулардың ықпал аймағында орналасқан елді мекендер мен қалаларда тұрған және тұратын адамдардың тізімін қалпына келтіру, кейін оларды Қазақстан Мемлекеттік медициналық тізіміне енгізу (тұрған жылдарын көрсетіп):	
төтенше және барынша радиациялық тәуекел аймағы үшін	1997 жыл
жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аймақ үшін	1998 жыл
жоғары және төмен радиациялық тәуекелдегі аймақ үшін	
2. Сәуле алған тұрғындардың арасындағы радиациялық тәуекел топтарын құру жөніндегі талдау жұмысы	1998-1999 жылдар
II. Емдеу және материалдық-техникалық базаны дамыту жөніндегі шаралар	
1. Семей қаласында Аймақаралық медициналық оңалту орталығын құру (бұдан әрі-Медициналық оңалту орталығы)	1997-2000 жылдар
2. Семей қаласында Медициналық оңалту орталығының құрамында Қазақстан Мемлекеттік медицина тізілімін құру (жобалық ғимараттардың шеңберіне кіреді)	2000 жылға қарай
Оған ядролық сынаулардан зардап шеккендер мен олардың ұрпақтары туралы барлық ақпаратты жинау - тексеру, емдеу, оңалту қорытындылары	
3. Семей, Павлодар, Қарағанды және Шығыс	

Қазақстан облыстарының зардап шеккен аудандары аудандық ауруханаларының базасында Медициналық оңалту орталығының филиалдарын ұйымдастыру	1998-2000 жылдар
4. Семей қаласындағы Медициналық оңалту орталығының базасында жылжымалы диагностикалық лабораториялар ұйымдастыру және оларды жабдықтау	1998-2000 жылдар

III. Тексеру, емдеу, оңалту жөніндегі шаралар

1. Адамдарды радиацияның әсер етуіне байланысты "белгілі бір ауруларды" анықтауға арналған тексеру және азаматтарға мұндай аурулардың бар екендігін растайтын медициналық куәліктер беруді ұйымдастыру	1999 жыл
төтенше және барынша радиациялық аймақ үшін жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аймақ үшін	
жоғары және төмен радиациялық тәуекелдегі аймақ үшін	2000 жыл
2. Радиацияның әсер етуіне себептік байланысты белгілейтін "белгілі бір аурулар" туралы Ережені қайта қарау	1997 жыл
3. "Белгілі бір аурулары" бар екендігі туралы медициналық куәлікке ие азаматтарға емдеу және оңалту жүргізу	1999 жылдан бастап
4. Алдын алудың, емдеудің, оңалтудың және радиациялық факторлардың кейінгі ұрпаққа әсер етуін болжамдық бағалаудың тиімді әдістерін әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту	Тұрақты

IV. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі шаралар

1. 1949 жылы Қазақстандағы алғашқы атом жарылысы күні және Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1991 жылы Семей ядролық сынау полигонын жабу күні болып табылатын 29 тамызды "Семей ядролық сынау полигонының құрбандарын Еске алу күні ретінде	1997 жыл
--	----------

белгілеу туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізу. Бұл күні Семей қаласында және аймақтың зардап шеккен басқа да қалалары мен поселкелерде халықаралық жұртшылық пен Қазақстан жұртшылығының проблемаға назарын аудару үшін халықаралық, республикалық және жергілікті мәні бар шаралар өткізу.

2. Халықаралық қоғамдастықтың назарын проблемаға аудару мақсатында Семей қаласында бұрынғы Семей сынау полигонындағы ядролық сынаудың медициналық және экологиялық зардаптарын жою мәселелеріне арналған Халықаралық конференция өткізу

29 тамыз

1997 жыл

3. Хиросима, Невада, Чернобыль, РФ-ның Алтай өлкесінің радиациядан зардап шеккен азаматтарды медициналық оңалту жөніндегі оңалту проблемасының озық технологиялары мен тәжірибесін зерделеу және енгізу

тұрақты

Жапония мен Қазақстан арасында осы салада ынтымақтастықты дамыту жөнінде үкіметаралық келісімдер жасау. Шетелде тиісті субъектілермен бірлескен қоғамдар мен Қорлар құру.

4. Ядролық сынаулардан зардап шеккен халықты медициналық оңалтудың маңызды мәнін және бұл мәселедегі "Полигон-29 тамыз" қайырымдылық қорының ролін және Қор мемлекеттік саясатты қолдауға құрылғандығын ескеріп, бұл мәселеде:

тұрақты

- "Полигон-29 тамыз" қорының жарғылық міндеттері мен мақсатына қолдау жасалсын;

- Қорға БҰҰ экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі жанындағы мәртебесінің берілуіне жәрдемдесу, бұл БҰҰ Кеңесінде тіркелген басқа үкіметтік ұйымдармен ынтымақтастық жасау үшін кең мүмкіндік береді.

- Қорға ұйымдастыру тұрғысында қолдау көрсету

I.

1. Облыс әкімдері, Денсаулықмині,
"Полигон-29 тамыз" қоры
(бұдан әрі - қор)

II.

1. Бюджеттен тыс қаражат Қор, Сыртқыісмині, Қаржымині,
(инвестициялар, гранттар, Экономсаудамині, Денсаулықмині,
демеушілік, донорлық, облыс әкімдері,
шетелден және Қазақстанда
қайырымдылық салымдар)
2. Орталық құрылысын салу Денсаулықмині, Ғылыммині - Ғылым
сметасында көзделеді академиясы, Семей облысының әкімі,
Қор
3. Облыс әкімдері, Денсаулықмині, Қор
4. Облыс әкімдері, Денсаулықмині, Қор

III.

1. Республика бюджетінде Облыс әкімдері, Денсаулықмині,
көзделінеді Еңбекәлеуметмині, Қор
2. Денсаулықмині, Қор
3. Республикалық бюджетпен Облыс әкімдері, Денсаулықмині, Қор
Қор қаражаттарында
көрсетілген қаржылар
шегінде
4. Бұл да сол Ғылыммині - Ғылым академиясы,

Денсаулықмині, Қаржымині,
Экобиоресурсмині, Қор, Қазақстан
Медицина ғылымдары академиясы

IV.

1. Демеушілердің, Қоғамдық Облыс әкімдері, Қор, қоғамдық
ұйымдардың қаражаты, ұйымдар
жергілікті бюджет
2. Демеушілер, тиісті Облыс әкімдері, Денсаулықмині,
министрліктердің Сыртқыісмині, Ғылыммині - Ғылым
қаражаттары академиясы, Экобиоресурсмині,
Қор, "Дәрігерлер ядролық соғысқа
қарсы" қазақ ассоциациясы
3. Денсаулықмині, Сыртқыісмині,
Ғылыммині - Ғылым академиясы,
Экобиоресурсмині, Қор
4. Экономсаудамині, Сыртқыісмині,
Мемлекеттік құрылымдар, облыс
әкімдері